

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ

DIVERSIFICATION STRATEGY IN AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX

СТРАТЕГИЯ ДИВЕРСИФИКАЦИИ В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ

Р.Қ. КОНУСПАЕВ^{1*}

Э.Ф.К.

Т.Ж. ДЕМЕСИНОВ¹

Э.Ф.К., қауымдастырылған профессор

Т.А. ТАИПОВ²

Э.Ф.К., профессор

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан²Алматы экономика және статистика академиясы, Алматы, Қазақстан*автордың электрондық поштасы: konuspaev@list.ru**R.K. KONUSPAEV^{1*}**

C.E.Sc.

T.ZH. DEMESSINOV¹

C.E.Sc., Associate Professor

T.A. TAIPOV²

C.E.Sc., Professor

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan²Almaty Academy of Economics and Statistics, Almaty, Kazakhstan*corresponding author e-mail: konuspaev@list.ru**Р.К. КОНУСПАЕВ^{1*}**

К.Э.Н

Т.Ж. ДЕМЕСИНОВ¹

К.Э.Н., ассоциированный профессор

Т.А. ТАИПОВ²

К.Э.Н., профессор

¹Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан²Алматинская академия экономики и статистики, Алматы, Казахстан*электронная почта автора: konuspaev@list.ru

Аңдатпа. Мақала тақырыбының өзектілігі экономиканы дамытудың қазіргі кезеңінде агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өндірісті әртарап-тандырудың маңыздылығымен анықталады. *Мақсаты* -аграрлық кәсіпорынның ұйымдық және өндірістік құрылымын оны жаңа өнім түрлерімен, технологиялармен, жеткізушілермен және т.б. толықтырудан тұратын қайта құру ерекшеліктерін талдау. *Міндеттері* – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сыртқы және ішкі ортадағы теріс өзгерістерге тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін әртараптандыру процестерінің маңыздылығын көрсету. *Нәтижелері* – агроөнеркәсіптік өндірісте әртараптандырудың басым бағыттары өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының жаңа салаларын ұйымдастыру, ауыспалы егіске ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімді түрлерін, сорттарын немесе будандарын қосу, өңдеу секторларын дамыту, материалдық-техникалық жабдықтау және өнімді өткізу жүйелері және т.б. болып табылады. Тауар өртүрлілігінің артуы, өткізу нарықтарының АӨК-ке қайта бағдарлануы оның нәтижелерінің жылдың қалыптасқан ауа – райы жағдайларына, топырақ және табиғи-климаттық факторларға және т.б. үлкен тәуелділігімен байланысты шаруашылық қызметті жүргізудің жоғары тәуекелдеріне байланысты ерекше маңызды екені анықталды. Жүргізілген талдау құрылымдық қайта құруды тереңдетудің маңызды шарттары – мемлекеттің дамыған аграрлық саясаты, саланы реттеу мен қолдаудың тиімді шараларының жүйесі, аграрлық сектор мен қаржы нарықтарын дамытуға инвестициялар тарту екенін айғақтайды. Жүргізілген зерттеулер келесі негізгі *тұжырымдар* жасауға мүмкіндік береді – өндірісті әртараптандыру кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін дамытудың перспективалы бағыты болып табылады, бұл олардың өнімді сатудан, пайдадан және кірістен түсімінің өсуін қамтамасыз етеді.

ламаларды іске асыру осы сектордағы жағдайдың жақсаруына елеулі әсер еткен жоқ. Қазақстанда тәуелсіздік жылдары агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған тоғыз бағдарламалық құжат қабылданды.

Барлық дерлік бағдарламаларда негізгі мақсат ретінде агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру айқындалды. Бұл ретте осы жылдар ішінде берілген кешенді дамытудың басым бағыттары жиі өзгеріп отырды, мемлекеттік қолдау жүйесі, субсидиялау қағидалары, жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын қолдау бағыттары қайта қаралды. Аграрлық секторға қомақты бюджет қаражатын бөлу инвестициялардың тиімділігін бағалауға болатын нақты оң нәтижелер әкелмеді.

Еліміздегі аграрлық сектор әлеуетінің негізін шикізат тауарлары құрайды. Қазақстанда өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің 80%-ға жуығы қайта өңдеусіз шикізат түрінде өткізіледі, ал дайын өнімнің бәсекеге қабілеттілігі әлсіз болып табылады. Мемлекеттік көмектің ұлғаюына қарамастан, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесі төмен күйінде қалып отыр. Агроөнеркәсіптік кешендегі қалыптасқан мәселелерді шешудің, саланың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жолдарының бірі өндірісті әртараптандыру болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Бұл тақырыпты зерттеуде, ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуетін дамыту, аталған саладағы әртараптандыру жүйесін пайдалану ерекшеліктеріне байланысты шетелдік және отандық экономист-ғалымдардың ғылыми еңбектері ілімдік және әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды.

Зерттеу мәселесінің әдіснамалық мәселелерін негіздеу және шешуде авторлар қазіргі экономикалық ілімнің негізгі ережелеріне сүйеніп, әртараптандыру стратегияларын пайдалануды анықтауда салыстырмалы, жүйелі талдау тәсілдерін пайдаланды.

Ғылыми зерттеудің ақпараттық базасы ретінде еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы өндірісті диверсификациялауға қатысты отандық және шетелдік жарияланымдар мен ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференциялар материалдары, салалық мемлекеттік бағдарламалар материалдары, мерзімді басылым мақалалары қолданылды.

Зерттеу әдістері ғылыми абстракция және экстраполяция, индукция және дедукция әдістері болып табылды. Теориялық ережелерді негіздеу жалпы ғылыми әдістер

мен тәсілдерді, талдау және синтездеу әдісін, жүйелі және кешенді тәсілдерді қолдану негізінде жүзеге асырылды, ресми статистикалық материалдар мен интернет желісінің ақпараттық әлеуетінен басқа жеке бақылаулар мен ғылыми және тәжірибелік қызметтің қорытындыларының деректері пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Саланың маңызды мәселелерінің қатарында – бірқатар өнімдер бойынша импортқа тәуелділіктің жоғары болуы. Қазақстан негізінен шикізат тауарларын экспорттайды, ал импорттың негізін дайын тамақ өнімдері құрайды. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің басты экспорттық тауары аталған сала өнімдері экспортының жалпы көлемінің 42%-ын алатын дәнді дақылдар болып қала беруде.

Тұтастай алғанда, 2009-2019 жылдары Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасы 4,1 млрд доллардан 6,7 млрд долларға дейін ұлғаю үрдісіне ие. Сонымен қатар, елімізде импорттық азық-түлік тауарларына сұраныс артып келеді. Осыны ескере отырып, Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін нетто-импорттаушы болып табылады деп айтуға болады [1].

Сараптамалық бағалаулар бойынша отандық аграрлық секторда өндірістің өсуі негізінен, тиімді технологиялар, өнімділікті арттыру, заманауи жабдықтар және ғылым мен технологиялар саласындағы жетістіктерді пайдалану есебінен емес, мал басын, егіс алқаптарын ұлғайту, жұмыс істейтіндердің көп санын тарту арқылы қол жеткізіледі. Бұл қазақстандық аграрлық сектордың экстенсивті дамуы мен технологиялық артта қалуының дәлелі. Қазіргі нарықтық конъюнктураның жағдайын талдай отырып, агроөнеркәсіптік кешен құрамына кіретін кәсіпорындардың біртұтас экономикасы жоқ деп айтуға болады [2].

Елдің жалпы ішкі өніміндегі қайта өңдеу секторы үлесінің өсуі, экономиканың нақты секторының көлемін ұлғайту әртараптандыру есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін [3].

Осыған байланысты отандық ауыл шаруашылығын қалпына келтірудің, инновациялық дамытудың және тиімділігін арттырудың бір жолы ретінде, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, қайта өңдеушілер, көтерме сатушылар мен бөлшек сауда желілері арасындағы экономикалық тиімді өзара іс-қимылдың жаңа тетіктерін құру және қолданыстағыларын жетілдіру қажет. Мұны жұмыс істеп тұрған салаларды жетілдірумен де, қайта өңдеу-

шілер мен бөлшек сауда желілерінің қажеттіліктеріне сүйене отырып, нарықта сұранысқа ие өнімдердің жаңа түрлерін өндіруді ұйымдастырумен де қамтамасыз етуге болады. Саланың бәсекеге қабілеттілігінің маңызды алғышарты жоғары өнімді жоғары технологиялық жұмыс орындарының көбеюі, демек, еңбек өнімділігі мен жоғары білікті жұмыс күшіне сұраныстың артуы екенін ескеру қажет [4]. Бұл жағдайда ауыл шаруашылық өндірісін әртараптандырудың өзектілігі артады. Алайда, ауыл шаруашылық ұйымдарында өндірісті әртараптандыру туралы шешім қабылдаған кезде саланың бірқатар маңызды ерекшеліктерін ескеру қажет:

– жер өндіріс құралы ретінде әрекет етеді және жалғыз шектеулі ресурс болып табылады;

– өндіріс үлкен аумаққа таралған;

– жұмыс және өндіріс кезеңдеріндегі уақыттың сәйкес келмеуі;

– биологиялық, технологиялық және экономикалық үдерістер және т.б. арасындағы тығыз байланыс.

Оң және теріс өзгерістермен сипатталатын кәсіпорынның қарқынды дамып келе жатқан сыртқы ортасында оның негізгі қызметін әртараптандыру қажетті ікемділікті, яғни кәсіпорынның сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерге тез және тиімді жауап беру қабілеті қамтамасыз етеді. Бұл ретте негізгі қызметті әртараптандырудың бағыттары экономиканың тиісті салаларының дұрыс орындалған орташа және ұзақ мерзімді даму болжамдарын ескере отырып, жан-жақты зерделенуге және экономикалық негізделуге тиіс. Кәсіпорынның негізгі қызметін әртараптандыру стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру келесі жағдайларда орынды болып табылады:

– кәсіпорын өндіретін өнім нарығының елеуетінің айтарлықтай төмендеуі;

– өндірілетін өнім нарығындағы баға конъюнктурасының нашарлауы;

– экономиканың жаңа салаларында кәсіпорынның экономикалық қызметі үшін жаңа перспективалық мүмкіндіктердің пайда болуы және т. б.

Кәсіпорынның негізгі қызметін әртараптандыру стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеу және негіздеу кезінде келесі критерийлер ескеріледі:

• жаңа саланың ағымдағы және болжамды инвестициялық тартымдылығы;

• кедергілердің болуы, оларды еңсеру мүмкіндіктері және кәсіпорынның эконо-

миканың жаңа саласына кіруі үшін шығындар мөлшері;

• жаңа өнім өндірісін ұйымдастыруға күрделі салымдар мөлшері;

• өнімнің жаңа түрін өндіру мен өткізудің әлеуетті рентабельділігінің шамасы;

• өндірісті әртараптандырудан қосымша артықшылықтардың болуы (мысалы, бір кәсіпорында әр түрлі қызмет түрлерін біріктіруден қосымша пайда алуды көздейтін синергия әсері).

Ауыл шаруашылығындағы негізгі қызметті әртараптандыру стратегиясы мен бағдарламалары өте маңызды, өйткені ауыл шаруашылығы – бұл қызметтің түпкілікті нәтижелерінің жылдың ауа райының жағдайына, жануарлардың денсаулығына, дақылдардың өнімділігіне және т.б. тәуелділігіне байланысты экономиканың ең қауіпті салаларының бірі. Өндірісті әртараптандыру стратегиясын іске асыру кооперация және интеграция процестерін жетілдіруге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде саладағы зияткерлік, ақпараттық, материалдық, қаржылық, басқарушылық және басқа ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Мұның бәрі ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің тиімділігін, саланың инвестициялық тартымдылығын, ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарға инвестициялау көлемін, ішкі және сыртқы нарықтардағы өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл отандық ауыл шаруашылығының айтарлықтай дамуына ықпал етеді. Сондай-ақ кәсіпорындағы әртараптандырудың жағымды жақтарының бірі – бұл мақсаттарға жету үшін күшжігерді біріктіру мүмкіндігі [5].

Аграрлық өндірісті әртараптандырудың ең көп таралған нысандары – конгломерат, агрохолдинг құрылымдары, көлденең және тік маркетингтік жүйелер, стратегиялық одақтар және компаниялар топтары.

Аграрлық өндірісті әртараптандырудың мәнін сипаттағанда, олар қызметті кеңейтуге және оны тәжірибелік іске асырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдеріне назар аударады. Сонымен, әртараптандырудың байланысты, бірақ біртекті емес нысаны өсімдік шаруашылығы өнімдерімен қатар, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде орын алады. Біртекті (байланысты) әртараптандыру егістің өзгеруі, бір сала шеңберінде ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа түрлері мен сорттарының пайда болуы, салалық мамандандудың күшеюі нәтижесінде жүреді.

Тігінен байланысты әртараптандыру кәсіпорынның барлық аграрлық азық-түлік тізбегі – шикізаттан дайын өнімге дейінгі тұрақтылығын арттыру мақсатында оның қызметін кеңейту негізінде жүзеге асырылады. Байланысты әртараптандыру азық-түлік немесе технологиялық өзгерістер сипатында болуы мүмкін (мысалы, ауыл шаруашылық өнімдерінің жаңа түрін өндіру және өңдеу).

Байланысты емес әртараптандыру кәсіпорынның жаңа перспективалы салаларға енуін қарастырады (мысалы, қонақ үйлерді ұйымдастырумен ауыл туризмі), әртараптандырудың бұл түрі әдетте ауыл шаруашылық өндірісіне және ауыл шаруашылық холдингтерін құруға инвестиция салатын өнеркәсіптік компанияларға тән [6].

Қазақстан Республикасы экономикасының аграрлық секторы үшін өндірісті әртараптандыру әсіресе өзекті, өйткені ауыл шаруашылығы өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығын біріктіретін, өз кезегінде әр түрлі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді біріктіретін жеке дара сала емес. Бұл тұрғыдан алғанда өндірісті әртараптандыру ауыл экономикасын көпсалалы болуға ынталандырады [7]. Ауыл шаруашылығының маңыздылығының күрт артуына байланысты аграрлық сектордағы экономикалық қызметті әртараптандыруды зерттеу отандық агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық дамуын қамтамасыз ететін оның басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, экономиканың отандық аграрлық секторында салаішілік, салааралық, сондай-ақ қаржылық әртараптандыруды басым деп анықтаған жөн.

Сонымен қатар, әртараптандыруды дамыту сала құрылымындағы сәйкессіздіктердің тереңдеуімен, сондай-ақ қарыз капиталының жоғары бағасы және қолжетімділігімен қиындады. Отандық аграрлық экономикада әртараптандыруды тереңдетуге жекелеген салалардың пропорционалды емес дамуы, жеткілікті қаржыландыру көлемінің болмауы, ауыл экономикасының даму деңгейі бойынша өңірлерді саралану үрдістерінің тереңдеуі, ауыл шаруашылығының жоғары рентабельді, рентабельділігі төмен және тұрақты залалды салаларының қалыптасуы кедергі келтіруде.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға инвестициялар тартуға, қолайлы инвестициялық ахуал жасауға, қаржы нарықтарын дамытуға,

инвестициялық қызметтің заңнамалық базасын тұрақтандыруға, кедергілерді қысқартуға және қаржы ресурстарына қолжетімділікті кеңейтуге (микрокредит беру, кепілдіктер, сақтандыру) бағытталған [8].

Кәсіпорындар үшін жаңа қызмет түрлерін игеруге байланысты ауыл шаруашылығындағы өндірісті әртараптандыру тауар өндірушілерге өндірістегі маусымдықтың әсерін азайтуға және көптеген ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында туындайтын онымен байланысты жағымсыз құбылыстарды ішінара болдырмауға мүмкіндік береді [9].

Зерттеулер көрсеткендей, көп жағдайда ауыл шаруашылық кәсіпорындарының негізгі қызметін жаңа салаларды ұйымдастырумен әртараптандыру, қолданыстағы салалармен қатар, тауар өндірушілердің ресурстық базасын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде ауыл шаруашылық өндірісінің өсуіне, өндірістік ресурстардың өзіндік шығындарының төмендеуіне және тұтастай алғанда экономикалық тиімділіктің өсуіне әкеледі. Ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруды, өнімділікті арттыру арқылы іске асыру негізгі драйвер болып табылады. Ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру, саланың тиімділігін дамыту, бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Саланың өнімділігін арттыру саланың маңызды бағытын анықтайды [10].

Осылайша, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің негізгі қызметін әртараптандыруға негізделген отандық агроөнеркәсіптік кешенді стратегиялық дамыту ресурстық әлеуетті неғұрлым толық және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, сала өнімінің ассортиментін кеңейту және өндіріс көлемін ұлғайту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығындағы негізгі қызметті әртараптандыру стратегиясы мен бағдарламалары кейіннен саланың экспорттық әлеуетін арттыра отырып, халықтың сапалы қауіпсіз ауыл шаруашылығы өніміне қажеттілігін қанағаттандыратын тиімді аграрлық экономиканы қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етеді.

Қорытынды. Өндірісті әртараптандыру экономиканың кез келген саласында кәсіпорындардың экономикалық қызметін дамытудың перспективалы бағыты болып табылады, бұл кәсіпорындардың сыртқы және ішкі ортадағы жағымсыз өзгерістерге тұрақтылығын арттыруды, өнімді сатудан түсетін түсімнің, пайда мен рентабельділіктің өсуін қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығындағы негізгі қызметті әртараптандыру стратегиясы мен бағдарламалары өте маңызды, өйткені ауыл шаруашылығы – бұл қызметтің түпкілікті нәтижелерінің жылдың ауа райының жағдайына, жануарлардың денсаулығына, дақылдардың өнімділігіне және т.б. тәуелділігіне байланысты экономиканың ең қауіпті салаларының бірі.

Әртараптандыруды дамыту сала құрылымындағы сәйкессіздіктердің тереңдеуімен, сондай-ақ қарыз капиталының жоғары бағасы және қолжетімділігімен қиындады. Отандық аграрлық экономикада әртараптандыруды тереңдетуге жекелеген салалардың пропорционалды емес дамуы, жеткілікті қаржыландыру көлемінің болмауы, ауыл экономикасының даму деңгейі бойынша өңірлерді саралану үрдістерінің тереңдеуі кедергі келтіруде.

Көп жағдайда ауыл шаруашылық кәсіпорындарының негізгі қызметін жаңа салаларды ұйымдастырумен әртараптандыру, қолданыстағы салалармен қатар, тауар өндірушілердің ресурстық базасын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде ауыл шаруашылық өндірісінің өсуіне, өндірістік ресурстардың өзіндік шығындарының төмендеуіне және тұтастай алғанда экономикалық тиімділіктің өсуіне әкеледі.

Әдебиеттер тізімі

[1] Заурбекова, Т.С. Основные тенденции развития мер государственной поддержки сельского хозяйства в Казахстане в условиях членства в ЕАЭС и ВТО / Т.С. Заурбекова // Торговая политика. Trade policy.- 2019. -№3.-С.115-133.

[2] Тулешова, Г.Б. Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлікті дамыту басымдықтары / Г.Б. Тулешова, Е.К. Сапаров, Н.Б. Сыздықбаева// Проблемы агрорынка.-2019.-№3.-Б.98–106.

[3] Иманбаев, Б.Б. Диверсификация экономики Казахстана и формирование глобальных трендов его дальнейшего развития/ Б.Б. Иманбаев //Вестник РГГУ. Серия Экономика. Управление. Право. -2019.- № 2.- С. 69-80.

[4] Гришина, Ю.В. Разработка направлений диверсификации сельской экономики в региональном АПК / Ю.В. Гришина, Е.И. Ловчикова // Вестник социального развития и региональной политики. - 2019. - №8. - С. 109-115.

[5] Баутин, В.М. Диверсификация в системе устойчивого развития предпринимательских структур АПК / В.М. Баутин / Синергия.-2016.-№1.-С.60-65.

[6] Шерешова, М.Ю. Анализ международного опыта диверсификации сельской экономики / М.Ю.Шерешова, М.С.Оборин, О.В.Шимук // Вестник ВолГУ. Серия 3, Экономика. Экология. – 2017. – № 3.- С. 209-223.

[7] Шахабасов, Р.А. Диверсификация как способ повышения уровня конкурентоспособности предприятий АПК/ Р.А. Шахабасов //Региональные проблемы преобразования экономики.- 2016. -№ 6. -С. 40-46.

[8] Қазақстан Республикасының агро-өнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 894 қаулысы.- Астана, 2017.- 217 б.

[9] Аничкина, О.А. Проблемы и перспективы развития АПК и сельских территорий: монография / О.А. Аничкина, Ю. И. Бершицкий, Л.В. Гайдаренко и др. – Новосибирск : Издательство ЦРНС, 2017. – 258 с.

[10] Азретбергенова, Г.Ж. Қазақстан өңірлеріндегі аграрлық сектордың экономикалық тиімділігін арттыру/ Г.Ж. Азретбергенова, А.О. Сыздықова, Б.Б. Бимендеев // Проблемы агрорынка.-2020.-№2.-Б.75-82.

References

[1] Zaurbekova, T.S. (2019) Osnovnyye tendencii razvitiya mer gosudarstvennoj podderzhki sel'skogo hozjajstva v Kazahstane v uslovijah chlenstva v EAJeS i VTO [Main trends in the development of state support measures on agriculture in Kazakhstan under the conditions of EAEU and WTO]. *Torgovaya politika – Trade policy*, 3, 115-133[in Russian].

[2] Tuleshova, E.K., Saparov E.K., N.B. Syzdykbaeva. (2019) Qazaqstannyñ auyl şaruashylyǵy salasynda kásıpperlıktı damytu basymdyqtary [Priorities for the development of entrepreneurship in agricultural sector of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 3, 98-106 [in Kazakh].

[3] Imanbaev, B.B. (2019) Diversifikaciya ekonomiki Kazahstana i formirovanie global'nyh trendov ego dal'nejshego razvitiya [Diversification of Kazakhstan economy and the formation of global trends in its further development]. *Vestnik RGGU. Serija Ekonomika. Upravlenie. Pravo – RGGU Bulletin «Economics. Management. Law» Series*, 2, 69-80 [in Russian].

[4] Grishina Y.V. & Lovchikova E.I. (2019) Razrabotka napravlenij diversifikacii sel'skoj ekonomiki v regional'nom APK [Development directions for diversification of the rural economy in regions of Russia]. *Vestnik social'nogo razvitiya i regional'noj politiki – Bulletin of Social Development and Regional Policy*, 8, 109-115 [in Russian].

[5] Bautin, V.M. (2016) Diversifikacija v sisteme ustojchivogo razvitiya predprinimatel'skih struktur APK [Diversification in the sustainable development of enterprises]. *Sinergiya – Synergy*, 1, 60-65 [in Russian].

[6] Sheresheva M.Yu., M.S. Oborin & O.V. Shimuk. (2017) Analiz mezhdunarodnogo opyta diversifikacii sel'skoj ekonomiki [Analysis of international experience of rural economy diversification]. *Vestnik VolGU. Serija 3, Ekonomika. Ekologiya – Bulletin of VolSU. Series of Economics. Ecology*, 3, 209-223 [in Russian].

[7] Shahabasov, R.A. (2016) Diversifikaciya kak sposob povysheniya urovnya konkurentosposobnosti predpriyatij APK [Diversification as a way to improve the level of competitive ability of AIC enterprises]. *Regional'nye problemy preobrazovaniya ekonomiki – Regional problems of transforming the economy*, 6, 40-46 [in Russian].

[8] Qazaqstan Respublikasynyñ agroñnerkäsıptik keşenin damytudyñ 2017–2021 jylдарға

arnalğan memlekettik baғdarlamasy. Qazaqstan Respublikasy Ükımetinıñ 2016 jylғы 29 jeltoqsandaғы № 894 qaulysy (2017) [State program for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan. № 894 of December 29, 2016] Astana, 217 p. [in Kazakh].

[9] Anichkina O.A., Bershitsky Yu. I., Gaidarenko L.V., etc. (2017) Problemy i perspektivy razvitiya APK i sel'skih territorij: monografiya [Problems and prospects for the development of agriculture and rural areas: monograph]. Novosibirsk: Izdatel'stvo CRNS, 258 p. [in Russian].

[10] Azretbergenova G., Syzdykova A.O., Bimendeev B.B. (2020) Qazaqstan õñirlerindegi agrarlyq sektordıñ ekonomikalıq tiımdılıgın arttıru [Increasing economic efficiency of agricultural sector in the regions of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 2, 75-82 [in Kazakh].

Авторлар туралы ақпарат:

Конуспаев Руслан Құрманғажыұлы - негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты; «Қаржы және менеджмент» кафедрасының доценті; Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті; 020000 Абай көш., 76, Көкшетау қ., Қазақстан; e-mail: konuspaev@list.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3120-1898>

Демесінов Талғат Жұмабекұлы; экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; «Қаржы және менеджмент» кафедрасының профессоры; Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті; 020000 Абай көш., 76, Көкшетау қ., Қазақстан; e-mail: demesinov73@list.ru; <https://orcid.org/0000-0002-9414-5504>

Таипов Тимур Алчинович; экономика ғылымдарының кандидаты, профессор; «Қаржы» кафедрасының профессоры; Алматы экономика және статистика академиясы; 050035 Жандосов көш., 59, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: ttaipov@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2360-2077>

Information about authors:

Konuspayev Ruslan Kurmangazhievich – The main author; Candidate of Economic Sciences; Associate Professor of the Department of Finance and Management; Shokan Ualikhanov Kokshetau University; 020000 Abay str., 76, Kokshetau, Kazakhstan; e-mail: konuspaev@list.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3120-1898>

Demesinov Talgat Zhumabekovich; Candidate of Economic Sciences, Associate Professor; Professor of the Department of Finance and Management; Shokan Ualikhanov Kokshetau University; 020000 Abay str., 76, Kokshetau, Kazakhstan; e-mail: demesinov73@list.ru; <https://orcid.org/0000-0002-9414-5504>

Taipov Timur Alchinovich; Candidate of Economic Sciences, Professor; Professor of Department of Finance; Academy of Economics and Statistics; 050035 Zhandosova str., 59, Almaty, Kazakhstan; e-mail: ttaipov@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2360-2077>

Информация об авторах:

Конуспаев Руслан Курмангажиевич – основной автор; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Финансы и менеджмент»; Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова; 020000 ул. Абая, 76, г.Кокшетау, Казахстан; e-mail konuspaev@list.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3120-1898>

Демесінов Талғат Жұмабекұлы; кандидат экономических наук, ассоциированный профессор; профессор кафедры «Финансы и менеджмент»; Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова; 020000 ул. Абая, 76, г.Кокшетау, Казахстан; e-mail: demesinov73@list.ru; <https://orcid.org/0000-0002-9414-5504>

Таипов Тимур Алчинович; кандидат экономических наук, профессор; профессор кафедры «Финансы»; Алматинская академия экономики и статистики; 050035 ул. Жандосова, 59, г.Алматы, Казахстан; e-mail: ttaipov@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2360-2077>